

Дер кезінде жасалған тарихи қадам

Дүниеде жүздеген мемлекет бар. Бүгінгі таңда біз сол мемлекеттердің ішіндегі тәуелсіздігі тұрақты, экономикасы дамыған жаңа мемлекеттің қатарына жатамыз.

Екіншіден, мемлекеттік тілі, аумағы мен әлеуеті, әдеті мен ғұрпы қалыптасқан елге айналғанымыз жаһанға аян. Елбасының кезінде айтқан «Әуелі экономика, одан кейін саясат» деген сөзі бар. Біз қазір сол кезеңге келіп отырмыз. Жаңадан тәуелсіздік алған кезеңде еліміздің зиялы қауымы латын әліпбиіне көшу керектігін айтқан болатын. Бірақ ол тұста мұндай ұлы өзгерістің уақыты келген жоқ еді. Арада біраз уақыт өтіп, еліміз жаһандық өзгерістерге бет бұрған кезеңде латын әліпбиіне көшудің реті келді. Өзіміздің шыққан тегімізді дұрыс тану дүниесі бар. Мұның бәрі де өткен тарихымызды білу үшін өте қажет дүние. Латын әліпбиіне көшу арқылы әлі де талай тарихи деректердің беті ашылады деп ойлаймын. Тағы бір айтарым, латын әліпбиіне көшу арқылы біз өзіміздің ұлттық тілімізді сақтап қала аламыз. Себебі кейде орыс тілін араластырып сөйлейтінімізді өзіміз де байқамай қаламыз. Сондықтан да латын әліпбиіне көшу тіл тазалығын сақтап қалу үшін өте керек дүние. Латын әліпбиіне көшу біздің тарихымызға да, жазуымыз мен сызуымызға да үлкен өзгеріс алып келеді. Елбасы айтқан ұлттық код дегеніміздің өзі осындай үлкен өзгерістер болып есептеледі. Келер ғасырларда да біздің мемлекет ізгілікті, бір тілді мемлекет бола береді. Сонымен қатар еліміз өзінің тарихын терең зерделеген, анық таныған ұлы мемлекетке айналады. Енді латын әліпбиіне көшу халықтың, елдің тағдырын тереңнен ойлаған азаматтың жасайтын дүниесі деп білемін. Латын әліпбиіне көшу туралы әңгіме болғанда, расында да әліпбидің түрлі нұсқалары жасалды. Оған үлкен ғалымдарымыз бен айтулы тіл мамандары да түгелдей дерлік атсалысты. Дегенмен Елбасы латын әліпбиінің соңғы нұсқасына тоқтам жасады. Елбасының бұл таңдауы кезіндегі Ахмет Байтұрсынұлының жасаған жобасына өте сәйкес келеді. Бұл енді дер кезінде жасалып отырған тарихи қадам. Мемлекеттің әлеуетін, ұлттың тарихын танытатын маңызды шешім.

Дария ҚОЖАМЖАРОВА, тарих ғылымдарының докторы, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Жамбыл облысы

Толығырақ: <https://egemen.kz/article/160673-der-kezinde-zhasalghan-tarikhi-qadam>
МАТЕРИАЛДЫ РЕДАКЦИЯНЫҢ РҰҚСАТЫНСЫЗ КӨШІРІП БАСУҒА БОЛМАЙДЫ!